

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

4 (4) 2022

Желтоқсан 2022
Desember 2022
Декабрь 2022

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Астана қаласы
Астана city
город Астана

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

е ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tptygova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2022**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Саитова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзагания И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Р.К. Досжан¹

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ПЕН ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ РУХАНИ БІРЛІГІ

Аннотация

Мақалада Абай мен Шәкәрім поэтикасының ерекшеліктері, ақындардың қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі, өлеңдерінің, поэмалары мен прозаларының поэтикалық ерекшеліктері ашылады. Олардың сөздері мен өлеңдерінің әсемдігі Құдайдың, адамның және болмыстың мәні туралы терең ойлармен байланысты. Екі ақын да философиялық поэзия жасауға үлкен үлес қосады. Шәкәрімнің дүниетанымы мен мақсаттары - Абай поэзиясының заңды жалғасы. Сонымен қатар, қазақтың ақындық өнері жаңа шешімдермен, сөз тіркестерімен және ән өрнектерімен байытылған. Қазақ поэзиясының жан-жақтылығы мен әсемдігі олардың шығармашылығында толығымен ашылады.

Түйінді сөздер: Абай, Шәкәрім, шығарма, поэма, мәдениет, руханилық, ізгіліктік, өнер, әдебиет.

Р.К. Досжан¹

¹Казахская национальная академия хореографии
(Нур-Султан, Казахстан)

ДУХОВНОЕ ЕДИНСТВО АБАЯ КУНАНБАЕВА И ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

Аннотация

В статье раскрываются особенности поэтики Абая и Шакарима, вклад поэтов в развитие казахской поэзии, поэтические особенности их стихов, поэм и прозаических произведений. Красота их слов и стихов связаны с глубокими размышлениями о сути бога, человека и бытия. Оба поэта внесли достойный вклад в казахскую философскую поэзию. Мироззрения и цели Шакарима логически продолжают поэзию Абая. При этом казахское поэтическое искусство обогащается новыми решениями, словосочетаниями и песенными узорами. Многогранность и красота казахской поэзии раскрываются в их творчестве во всей ее полноте.

Ключевые слова: Абай, Шакарим, произведение, поэма, культура, духовность, доброта, искусство, литература.

R.K. Doszhan¹

¹Kazakh National Academy of Choreography
(Nur-Sultan, Kazakhstan)

SPIRITUAL UNITY OF ABAY KUNANBAYEV AND SHAKARIM KUDAYBERDIEV

Annotation

The article deals with the features of poetics of Abay and Shakarim, the contribution of poets to development of the Kazakh poetry, poetic features of their verses, poems and prosaic works. The beauty of their words and verses are connected with deep reflections about an essence of god, human and life. Both poets bring a huge contribution in creation of philosophical poetry. Shakarim's outlook and his views are the logical continuation of Abay's poetry. At the same time Kazakh poetical art is enriched with new forms, word combinations and song patterns. The versatile beauty of Kazakh poetry is exposed in their creative activity in full.

Key words: Abay, Shakarim, work, poem, culture, spirituality, kindness, art, literature.

Кіріспе. Ұлы жазушылар мен ақындардың тағдырлары да олардың туындылары сияқты көбіне әсерлі әрі мәнді болады. Тап осындай тағдарларға ойшыл-гуманистер – Абай Құнанбаев (1845-1904 жж.) пен Шәкәрім Құдайбердиевтің (1858-1931 жж.) өмірлерін жатқызуға болады. Олар қазақ мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан қазақ халқының екі ұлы данышпандары.

Екі ақын да біздің жерлесіміз – Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыстау маңында, бетеге дала төңірегінде дүниеге келген. Шыңғыстау атауының өзі қайда жатыр?! Аңыз бойынша, осы таудың шыңында ұлы хан Тимуджин, яғни Шыңғысханның даңқы шыққан. Түркі халқының түсінігінде, дала – ауқымдылық, кеңдік, болмыстың ақиқаттығы, ал таулар – ұлылық, даналық, рухтың биіктігін білдіреді. Екі ұлы тұлғаның осындай жерде туылуы кездейсоқ нәрсе емес. Шыңғыстау мен жазық даланың күші мен құдіреттілігі ұлы жерлестеріміздің өмірлері мен

шығармашылықтарына әсер етпей қоймады. Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердиев қазақ мәдениетінде керемет тұлғалардың қатарынан орын алады. Мұралары әлі күнге дейін өзекті, тіпті сан ғасырлардан кейін де олардың туындыларынан қазіргі заманның ойландыратын сұрақтарына жауап тауып жатамыз.

Екі ақын да қазақ халқының тарихындағы қиын-қыстау кезеңінде өмір сүрді. Абай патриархалдырулық бастаулардың ыдырауы мен капитализмнің құрылуы дәуірінде өмір сүрді. Шәкәрімге сталиндік репрессияның балғасына леккен жақсы өмір туралы таза идеялардың апатын көруге тура келді. Сондағы құрбандардың бірі болған Шәкәрім 1931 жылы атылды.

Абай мен Шәкәрім әрі қандас әрі рухани байланысқан екі тұлға. Олар бір отбасынан, туған аға мен жиен болып келеді. Бірі екіншісінің жолын жалғастырды. Абай қазақтың жаңа реалистік әдебиетінің негізін салушы, қазақтың әдеби тілінің іргесін қалаушы ретінде белгілі. Шәкәрім Құдайбердиев өзінің өмірлік және шығармашылық жағынан бағыттаушысы болған Абайдың идеялары мен шығармашылық ізденістерінің жалғастырушысы болды. Ақын, прозашы, аудармашы, музыка теоретигі, ойшыл Шәкәрім бізге тек өлеңдер мен дастандар ғана емес, прозалық туындылар, философиялық және тарихи еңбектер де қалдырды.

Зерттеу әдістері. Абай мен Шәкәрімнің рухани бірлігі олардың дүниені қабылдаудағы ұқсастығынан және «зиян келтірме» деген қоршаған әлемге қарым-қатынастарынан көрінеді. Адам – ғалам бірлігі, оның қоршаған ортасы қалай өмір сүргеніне байланысты болады. Абай мен Шәкәрімнің ізгілігі олардың өмірі мен шығармашылығында өшпес із қалдырды. Абайдың «Адам бол!» дегені Шәкәрімнің «Адам немене?» дегенімен байланысады. Адам ақыл-оймен, сұлулық заңымен өмір сүруі керек, ал ол үшін ғылымға қол жеткізіп, қажымай еңбек етіп, рухани мінсіздікке жетуі қажет. Еңбексүйгіштік, білім аңсау және ізденгіш ақыл, өзінің адами қадір-қасиетін ұғыну және өз пікіріне ие болу, әділетсіздікпен күресе білу және қастыққа қарсы тұра білу – Абай мен Шәкәрімнің

өз замандастарынан көргілері келген қасиеттердің бірі.

Бұл идеялар өмірінің соңғы жылдары жазылған Абайдың нақыл сөздері – «Қара сөздерінде» айқын және терең көрінеді. «Қара» терминінің «сөз» терминімен тіркесуі көп мағынаны береді: ұйқас сөздер мен мәтінге қарағанда прозаны білдіреді, қайғыны да білдіреді, сайып келгенде түркі мәдениетінен келе жатқан маңыздылықты, мәнділікті білдіреді. «Қара сөз» жанры бойынша Шыңғысхан дәстүріндегі «билик» атауына жақын, яғни үлгілік мағынаға ие болатын орынды нақыл сөз, өмірлік мысалдар туралы әңгіме. Еуропалық дәстүр бойынша, «Қара сөз» - бұл ұшқыр ой, қанатты сөз (афоризм), кеңес жанры. Бұл, сонымен қатар, оқырманға тікелей үндеу, ашық әңгіме, халық тағдыры аясындағы өмір философиясы.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. Ал мағынасы бойынша «Қара сөз» - өкіну, яғни тәубеге келу, тікелей жауапты жанр, себебі бұл қадірлі адамның барша әлем алдында сөйлеуі, және де бұл жазушыдан берік шындықты және адалдықты талап етеді. Тәубешілік ету жанры (жанр исповеди) әлем әдебиетінде сонау Марк Аврелий, Петр Абеляр, Блез Паскаль және Жан-Жак Руссо кездерінен белгілі. Алайда түркі, әсіресе қазақ әдебиеті үшін көбінесе эпостық сипаттағы жанр – теңдессіз құбылыс. Бұл - жанның ақтарылуы, адам өмірінің опасыздығы туралы терең тіпті ащы ойға бату.

Абай жас ұрпақты тұйыққа тірейтін жалған құндылықтар мен бағыттар туралы айтып іштей қынжылады: өзін басқалардан артық көріп, дәріптеушілік, бекершілік, жасықтық, надандық, мансап құмарлық, менменшілдік және маңыздылыққа, жақсылық пен қастыққа, армандарға немқұрайлық. Сезімнің суықтығы, келісім мен бірліктің жоқтығы, жоғарыға деген ұмтылыстарды жоғалту – осының барлығы жанның жалғыссырауына әкеп соғады. Мұндай адам өшіп бара жатқан тұлға, мұндай халықтың болашағы болмайды. Сондықтан қоғамның жетілмегендігі және ақыл-ойдың күдіреттілігіне, тарих арқылы жиналған ішкі әлеуетке

сенім мен үміттің дамымағандығы жөнінде жазушы-гуманистің мұңы мен күйініше сондай терең. «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – деп сұрақ қояды ойшыл-гуманист. - Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тапта, жөнге сал». Халық көп болуын тоқтату үшін халқым деп күйетін білімді адамдар керек, және мәдениет пен өзін-өзі оқытудың қажеттіліктерін қамтамасыз ету қажет. Абай оқуға, қоршаған әлем мен өзін-өзі тануға, болашаққа талпына отырып табиғат пен қоғамның құпия-сырларын ашуға, ақылды және әділ болуға, әрдайым дамып, жетілуге ынтыға шақырады. Бұл сөздер әлі күнге өзектілігін жоғалтпаған. Сондықтан 2007 жылы «Бір ел – бір кітап» атты республикалық акцияда қазақстандықтар барлық ел болып оқу үшін басты кітап ретінде «Қара сөздерді» таңдады.

Абайдың идеяларына үндестікті Шәкәрімнің шығармашылығынан табамыз. Өзінің «Үш ақиқат» туындысында Шәкәрім адами ішкі мазмұнның басты негіздерін атайды. Шәкәрім бойынша адамда танымның үш қабілеті бар: ақыл, сезім және жігер. Бірақ ең бастапқы шындық – бұл ар-ұят. Дәл сол ар-ұят адамгершіліктің өзегі, адамның рухани жетілуінің тірегі болып табылады. Ол ақыл-ойды дұрыс жолмен жетелеуі керек және ерік-жігерді дұрыс пайдалана алуға әкелуі керек: «адамның сыпайылығы, әділеттілігі, ізгілігі – осының барлығын біріктіріп, бір сөзбен – ар-ұят деп айтамын. Осыған ақыры сенбеген жүректі ешбір ғылым, ешбір өнер, ешбір жол және ешбір заң тазарта алмайды.

Абай мен Шәкәрім, сөзсіз, өз заманының ең білімдісі және өз елін шексіз сүйетін нағыз патриоттар болды. Олар түркі халқының әдебиетінде қазақ жазушылары мен ақындарының ең керемет өкілдері болып саналады. Өкінішке орай, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев пен түркі әдебиетінің байланыстары арнайы оқу пәні бола алмады. Алайда Шығыс мәдениеті мен түркі халқының әдебиеті Абайды да, Шәкәрімді де әрдайым қызықтырды. Екеуі де араб, парсы, түрік, орыс тілдерін меңгерген. Олар ерте заманғы көркем мұралардың түпнұсқаларын

оқып, ондағы сюжеттерді кесіп алып, өз туындылары үшін шығармашылықпен өңдеген. Бірақ Абай мен Шәкәрім шығармаларының идеялық-көркемдік мазмұны шығыстық үлгіден әрдайым ауқымырақ, себебі жазушылар әрбір тундыны өзіндік әлеуметтік-көзқарастық тұғырынан өткізіп ұғынған.

Мысалы, Абайдың шығармашылық мұраларында дастандар (поэма) бар: «Ескендір» поэмасының негізінде Александр Македонский мен дана Аристотель туралы дәстүрлі шығыс сюжеті бар, «Мың бір түн» ертегісінің бір тарауы «Азім әңгімесі». Ағартушылық жолында нақыл «Масфұт» поэмасы да жазылған. Бірақ оларды жазу барысында Абай ұқсас қазақ аңыздарына, сонымен қатар олардың басқа түркі халықтарының фольклорында кездесетін нұсқаларына сүйенеді. Ең бастысы – өзінің дүниетанымдық көзқарастарын сақтап қалды. Сондықтан, басқа түркі авторларына қарағанда «Ескендір» поэмасында Абай өз заманындағы қазақ байлары сияқты болған Александр Македонскийдің бейнесін менменшіл, күншіл және екіжүзді адам ретінде бейнелейді. Ал өз заманындағы идеалды Абай «дананың данасы», патша тәлімгері Аристотельдің бейнесінде көрсетеді.

Бұл поэмалар қазақ әдебиетінің лира-эпостық жанрының дамуына көп жаңалық енгізді. Сонымен қатар олардың қазақтың жазбаша әдебиетіндегі дамудың жаңа кезеңі – эпостан поэмаға өту кезеңін айқын көрсеткенін айта кету керек.

Шәкәрім Абай дәстүрін жалғастырып өзінің «Ләйлі - Мәжнүн» дастанын шығарады. Алайда ол өзіне дейінгі әйгілі ізашарлар – Низами мен Навоиға сүйене отырып, 19 ғасырдағы қазақ тұрмысынан алынған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың үйлесімді көрінісін қолдана отырып, аңыздағы өзіндік қабылдауын ұсынады. Зерттеуші У.К. Күмісбаев «XIX-XX ғасырлардағы қазақ және парсы-араб әдеби байланыстары» кітабында Шәкәрімге «Ләйлі – Мәжнүн» туралы аңыздың басқа да нұсқалары белгілі болуы мүмкін деп болжайды. Мәселен, оның қазақ даласында болған фольклорлы нұсқасы немесе арабтардың аузынан естіген немесе Меккеге барған

кездегі арабша жазба көздерінен оқылған нұсқалары. Шәкәрім де Абай сияқты өзінің ізгілік пен ағартушылық сынды өмірлік қағидаларын ұстанады. Ол әйел бейнесін жаңаша түсіндіреді, қандай да бір қызығушылықтары мен тілектері жоқ маңызсыз тауар ретінде қалыптасқан әйелге деген орта ғасырлық пікірге наразылық білдіреді.

Зерттеу нәтижесі. Абай мен Шәкәрімнің көптеген поэзиялық тұжырымдары адам және оның кемелі мен үйлесімі өмірдің басты қайнар көзі болып келетін Шығыс даналарының қанатты сөздерімен (афоризмдерімен) үндеседі. Мысалы, Шәкәрімнің сөз, поэзия, ақындық тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық маңыздылығы туралы ойлары түрік жазушысы Ахмед Хашимнің идеяларына жақын: Мен нағыз патша емеспін бе? Менің әскерім – менің өлеңдерімнің жолдары. Өлеңдер ескі дәуірдегідей қазір де өшпес мәңгілік. Және шыншыл өлең бәрін де басынан өткізеді.

Сонымен қатар Шәкәрім мен түрік ақыны Фаик Алидің поэзиялары ұйқасады. Екі ақын да адамзат өміріндегі поэзия мен музыканың маңыздылығын ерекшелейді. Сүттіген жолы секілді екі мәңгілік, поэзия мен музыка – екі апалы, - деп Фаик Али жазса, Шәкәрім – поэзия мен музыка үндес, осыны түсінбейінше, сен толмайсың, жетілмейсің, - дейді.

Шәкәрім 20 ғасырдың басын қайшылықпен қабылдады. Ол жақындап келе жатқан апаттың, дағдарыстың азапты сезімін бастан кешіреді және өз халқының азабына жаны күйзеле қайғырады. Бұл орайда Шәкәрімнің «Жиырмамыншы ғасыр» өлеңіне ұқсас «XX ғасырдың бірінші жартысы» атты өлеңі бар түрік ақыны Джахит Кюлебимен жақын деуге болады.

Шәкәрім өз шығармашылығында тікелей түркі тақырыбына да бет бұрады. «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» шығармасында ол түркі халқының тарихы мен этнографиясын суреттейді. Сонымен қатар «Шежіре» еңбегінде Шәкәрім көшпенді халықтың тарихын көрсетеді. Осы орайда ол түрік жазушысы Ахмед Февик-паша сияқты түркі халқының этнотарихи шығу тегін зерттегендердің алғашқыларының бірі болды.

Ертеде-ақ қазақ және қырғыз халықтарының достығы мен көпғасырлық өзара байланыстарына шекаралық көршілестік, туыстас тілдер, әдет-ғұрыптық ұқсастығы ықпал етті. Абай мен Шәкәрім арқылы қаланған қазақ әдебиетінің дәстүрлері қырғыздың жазушылар шығармашылықтарының қалыптасуы мен дамуына әсер етті. Бұл жөнінде 1974 жылы «Қазақ-қырғыз әдебиетінің байланысы» атты А.О. Мусинованың монографиясында айтылады. Мысалы, қырғыз халқының білімді және талантты ақын-жазушыларының бірі ретінде әйгілі Байымбет Абдрахманов – Тоголок Молдо шығармашылығы. Ол Абайды оның «Айқап», «Дала уалаяты» және т.б. революцияға дейінгі қазақ басылымдарындағы туындылары мен аудармаларынан жақсы білген. Зерттеушілер бірдей көркем құралдарының, ұқсас өлең формаларының, рифмдегі ұқсастықтардың қолданылған көптеген сәттерін атап көрсетеді. Абай қазақтың шыншыл әдебиетінің негізін қалаушы ретінде табиғатты, тұрмыстық әдет-ғұрыпты, қазақ өмірінің көрінісін қабылдаудағы ойлар мен сезімдердің жаңа сапасын енгізді. Бұған Абайдың жыл мезгілдері туралы өлеңдерін келтіруге болады. Тоголок Молдо болса өз туындыларын жасайды. Мысалға, Абайда «Жаз», Тоголок Молдода «Жайкы чилде», «Кыш чилдеси». Тоголок Молдоның «Кыздын ыры», «Кыз оюндағы ыр», «Кыздын жигитке ырдағаны» және т.б. сияқты өлеңдерінің негізінде Абай Құнанбаевтың махаббат лирикасы жатыр.

Қырғызстанның халық ақыны Аалы Токомбаев Абай Құнанбаев өлеңдерінің барлығын дерлік аударған. Аалы Токомбаевтың өз туындыларын шығару формасы бойынша Абайдың өлеңдерімен көп ортақтыққа ие. Абайдың пейзаж бен махаббат лирикасына қырғыз жазбаша әдебиетінің негізін салушылардың бірі – Джоомарт Боконбаевтың өлеңдері ұқсас келеді. Оның аудармаларының ішінде Абайдың шығармалары да бар: «Сөз патшасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Желсіз түнде жарық ай» және т.б. Джоомарт Боконбаевтың орыс классиктерінен аударған аудармаларында оның Абай аудармасының тәжірибесін ұстанатынын көреміз.

Осы жөнінде оның «Крылов пен Абайдан» атты жазбасы куәлайды.

Абай шығармашылығының әсері Т. Уметалиева, М. Элебаева, А. Осмонов, Ж. Турусбеков, Т. Сыдыкбеков сияқты қырғыз ақындарының ертедегі шығармаларынан да көрінеді. Бұл жөнінде әдебиетшілер Б. Керимжанова, К. Рсалиев, С. Жигитов және т.б. өз зерттеулерінде жазған. Б. Керимжанова өзінің «Қырғыз ыр тузулушунун кээ бир маселелери» («Қырғызша өлең шығарудың кейбір мәселелері») кітабында Абайдың алты және сегіз жолды өлеңдері көптеген қырғыз ақындары үшін тарихтың поэзиялық мәнін түсінудің негізгі формасы деп атайды. Олар қырғыз әдебиетін шындық бейнелерінің жаңа формаларымен байытты, қырғыз поэзиясының ырғағы мен көркем құралдарын кеңейтті.

Біздің еліміздегі көптеген дамуларға географиялық, геосаяси және діни ерекшеліктер себепші болды. Ғасырдан ғасырға өте келе ол батыс, шығыс және түркі әлемдік мәдениеттердің әсерін көреді. Осы тұрғыда Абай мен Шәкәрімді түркілер деп те, еуразияшылдар деп те атауға болады. Екеуі де өз халқының демократиялық орыс және жалпыадамзаттық мәдениетті ұғыну арқылы ағартушылық пен білімдегі экономикалық және мәдени даму жолдарын көрді. Абай В.Г. Белинский мен басқа да революциялық демократтардың эстетикалық көзқарастарымен таныс болды. Оған орыс сыншыларының өнер мен көркем сөзді тарихи прогресстің, қоғамның рухани және адамгершілік дамуының құдіретті қозғалтқышына айналдыру ұмтылыстары жақын.

Абай ұлы орыс жазушыларының шығармаларын аударумен айналысқан. Мұнда да ол өзінің ізгілік, ағартушылық міндеттерін ұстанып қалды. Ол тек өзінің идеясы мен көңіліне жақын туындыларды ғана аударды. Ұлы орыс ақыны Пушкиннің көптен күткен ой-толғанысы мен сезімі, оның жаңашыл өмір туралы ойлары мен өнегелі идеалы жүзеге асқан ең бір ықыласты шығармаларының бірі – «Евгений Онегин» Абайға қатты ұнады.

Абай Лермонтовты да сүйіп оқыды. Ол оның отыздан аса шығармасын аударды. Соның ішінде: «Дума», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Исповедь», «И скучно, и грустно», «Желкен», «Қанжар», «Қараңғы түнде тау қалқып», «Бородинодан» үзінділер, «Демон» поэмасы мен «Вадим» романынан үзінділер. Абай Крыловтың көптеген әлеуметтік және адамгершілік-философиялық мысалдарын қазақ тіліне аударған, олар: «Бақа мен өгіз», «Емен мен қамыс», «Шегіртке мен құмырсқа», «Түлкі мен қарға», «Піл мен қанден», «Ала қойлар» және т.б. Бұл мысалдардағы әшкереленген орыс қоғамының кемістігі және әрдайым оқырманға айтылған азаматтық және патриоттық ескертулер қазақ халқын оқыту ісін жүзеге асырды.

Орыс әдебиетінің арқасында Абай батыс еуропа классикасының озық үлгісімен танысты. Ол қазақ тіліне Шиллер, Гете, Байрон және Мицкевичтің кейбір өлеңдерін аударды.

Шәкәрім Құдайбердиев те көптеген туындыларды әртүрлі тілдерден аударған аудармашы ретінде танымал. Шәкәрім өзі хат алмасып тұратын Лев Толстойдың еңбектерін аударған. Шәкәрімнің аударған шығармаларының ішінде Бичер Стоу, Хафиза, Н.А. Некрасов және т.б. еңбектері бар. Алайда қазақ арасында ең әйгілі болып Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы және Пушкиннің «Боран», «Дубровский» шығармалары саналады.

«Дубровский» әңгімесін аударудағы бір себеп – бұл шығарма өз кезегінде Абайды қатты таңқалдырғандығымен түсіндіруге болатын шығар. Абайдың ізінен Шәкәрімге ұлы ақынның шығармасын өз халқына түсінікті етіп жеткізу ғана емес, сонымен қатар оны көшпенді қазақтарға түсінікті әрі жақын ету керек болды. Мысалға, Пушкин шығармасында Татьяна өзінің «әдемі нәзік саусағымен бұлың басқан терезеге ардақты О мен Е әріптерін жазды». Ал қазақтардың киіз үйінде терезелер болмаған, көшпенділер әйнек дегенді білмеген. Қыздың нәзік саусағы жөнінде түсінік жастайынан сиыр саууға, түйе мен қойдың жүндерін сұрыптауға, иіруге көмектескен

жас қаздарға сай келмеді. Қазақтар үшін «Дубровский» мен ұлттық эпостық «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» поэмасының ұқсастығын аңғаруға болады. Мысалы, Дубровскийдің әкесі мен Троекуровтың арасындағы алауыздық Қарабай мен Сарыбайдың арасындағы келіспеушілікке ұқсас.

Шәкәрімнің аудармасында Пушкин әңгімесі өлеңдетіп әңгімеленген 403 шумақтан құралған екі бөлімнен тұрады. Шәкәрім аудармасын ақындар ұзақ сағат бойы домбырамен орындаған. Өлеңнің соңғы төрт жолында «орыс ақындарының ең үздік ақыны Пушкиннің сөздерін» тыңдағандарға алғыс білдіріледі және поэманың кейіпкерлері туралы өз бетінше қорытындылар жасау ұсынылған:

Залым кім, парақор кім, жазықсыз кім,

Қайсысы ақ жүректі, қайсысы сұм?

Кекті кім, кекті жеңіп кешірген кім?

Білдің бе күшті екенін махаббаттың?

Әрине, Пушкин жырлаған орыс өмірін қазақтарға түсіндіру үшін, орыс ауылдарындағы оқиғалар суретіне тек өз калоритін келтіре отырып көшіру арқылы жетуге болады. Абай мен Шәкәрім аудармаларының жазбалары сауатты қазақ топтарының қолында жүрсе, ақындардың орындауы арқылы барлық далаға жайылды.

Қорытынды. Қорыта келе айтарымыз, Абай мен Шәкәрім шығармашылығы көшпенді эстетикаға тән, яғни алға қарайғы тұрақты қозғалыс, қиыншылықтарға төзімді болу және алға жылжып, мүмкін емес нәрсеге қол жеткізу. Болашақты олар жетілген қоғамдағы жетілген адамнан көреді. Мақсатқа жетуге болады, ол үшін адалдық, табандылық, сезімге адалдық қажет және махаббат үшін құрбандыққа бара алуы керек. Егер адам еңбек пен білім жолында жүрсе, осы игі сапалар қалыптасады. Және осы орайда кітапханалар білім мен гуманизм орталығы ретінде үлкен рөл атқарулары тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.
2. Абай Құнанбаев «Өлең – сөздің патшасы» шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы: Дәуір, 2006. – 560 б.
3. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240б.

References:

1. Abajtanu. *Tandamaly enbekter*. II tom. Ojlar men tolganystar. – Almaty: Qazaq universiteti, **2015**. – 264 b. (*In Kazakh*).
2. Abaj Qunanbaev. *Olen – sozdin patshasy shygarmalarynyn bir tomdyq zhinagy*. – Almaty: Daur, **2006**. – 560 b. (*In Kazakh*).
3. *Zheti gasyr zhyrlajdy: eki tomdyq*. – Almaty: Zhazushy, **2008**. 1-tom. – 400 b. (*In Kazakh*).
4. Aueзов M. *Adebiet tarihy*. – Almaty: Ana tili, **1991**. – 240 b. (*In Kazakh*).